

Көлік саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а 2015 жылғы 25 қарашадағы № 1097 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 желтоқсанда № 12540 болып тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұйрық 01.01.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 139-бабы 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Көлік саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Кадр жұмысы департаменті (М.Н. Иғалиев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына оның көшірмелерін ресми жариялауға баспа және электрондық түрде жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің жауапты хатшысы З.С. Сағыновқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы

А. Рау

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасының
 Денсаулық сақтау және
 әлеуметтік даму министрі
 _____ Т. Дүйсенова
 2015 жылғы 30 қараша

Қазақстан Республикасы
 Инвестициялар және даму
 министрінің
 2015 жылғы 25 қарашадағы
 № 1097 бұйрығымен
 бекітілген

Көлік саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі

Ескерту. Тізілім жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 26.11.2018 № 818 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Звено	Саты	Лауазымдар атауы
А блогы – Басқарушы персонал		
А1	1	Республикалық маңызы бар МҚК* басшысы.
	1-1	Республикалық маңызы бар МҚК* басшысының орынбасары.
	2	Облыстық маңызы бар ММ* және МҚК* басшысы.
	2-1	Облыстық маңызы МҚК* басшысының орынбасары.
А2	1	Республикалық маңызы бар МҚК* филиалының басшысы, республикалық маңызы бар МҚК* бас бухгалтері.
	1-1	Республикалық маңызы бар МҚК* филиалы басшысының орынбасары, республикалық маңызы бар МҚК* бас бухгалтерінің орынбасары.
	2	Облыстық маңызы бар ММ* және МҚК* бас бухгалтері.
1		Республикалық маңызы бар МҚК* бөлім басшысы; Республикалық маңызы бар МҚК* филиалының бас бухгалтері; Республикалық маңызы бар МҚК* филиалының Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылысының (шлюз) бастығы; Жолды пайдалану қызметінің басшысы.
	1-1	Республикалық маңызы бар МҚК* бөлім басшысының орынбасары; Республикалық маңызы бар МҚК* филиалының бөлім басшысы; Республикалық маңызы бар МҚК* бас инженері, бас гидротехнигі, бас конструкторы, бас энергетигі, бас механигі, кадр жөніндегі бас инспекторы, өрт қауіпсіздігі жөніндегі бас инспекторы, еңбекті қорғау жөніндегі бас инспекторы, бас экономисті, бас диспетчері; Республикалық маңызы бар МҚК* филиалының бас бухгалтерінің орынбасары; Капитан-жетекші; Республикалық маңызы бар МҚК* филиалының Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылысының (шлюз) бастығының орынбасары.
		Облыстық маңызы бар МҚК* құрылымдық бөлімшелерінің басшысы (топ, бөлім, сектор, бюро, қызмет), бас инженері, бас гидротехнигі, бас конструкторы, бас энергетигі, бас

A3	2	механигі, кадр жөніндегі бас инспекторы, өрт қауіпсіздігі жөніндегі бас инспекторы, еңбекті қорғау жөніндегі бас инспекторы, бас экономисті, бас диспетчері; Республикалық маңызы бар МҚК* филиалының бөлім басшысының орынбасары; Республикалық маңызы бар МҚК* филиалының құрылымдық бөлімшелерінің бас инженері, бас гидротехнигі, бас конструкторы, бас энергетигі, бас механигі, кадр жөніндегі бас инспекторы, өрт қауіпсіздігі жөніндегі бас инспекторы, еңбекті қорғау жөніндегі бас инспекторы, бас экономисті, бас диспетчері; Арналық іздестіру тобының бастығы; қуаты 401 л/с астам кемеңің техникалық флотының капитаны/командирі.
	2-1	Облыстық маңызы бар МҚК* құрылымдық бөлімшесі басшысының орынбасары (топ, бөлім, сектор, бюро, қызмет); Республикалық маңызы бар МҚК* филиалының (кеме қатынайтын гидротехникалық құрылысының (шлюз) өндірістік құрылымдарының бас гидротехнигі, бас механигі, бас энергетигі, бас диспетчері, жөндеу-құрылыс қызметінің басшысы; қуаты 101-400 л/с кемеңің техникалық флотының капитаны/командирі.
	3	қуаты 100 л/с дейінгі кемеңің техникалық флотының капитаны/командирі Шкипер.

В блогы - Негізгі персонал

B2	1	Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты мамандар: негізгі қызметтердің барлық мамандықтар инженерлері; негізгі қызметтердің барлық мамандықтар механиктері; негізгі қызметтердің барлық атаудағы диспетчерлер; кеме механигі; зертханашы; геодезист; картограф; лоцман.
	2	Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты мамандар: негізгі қызметтердің барлық мамандықтар инженерлері; негізгі қызметтердің барлық мамандықтар механиктері; негізгі қызметтердің барлық атаудағы диспетчерлер; капитан/командирдің бірінші (аға) көмекшісі (бірінші штурман); механиктің бірінші көмекшісі;
	3	Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты мамандар: негізгі қызметтердің барлық мамандықтар инженерлері; негізгі қызметтердің барлық мамандықтар механиктері; негізгі қызметтердің барлық атаудағы диспетчерлер; капитан/командирдің екінші көмекшісі (екінші штурман); механиктің екінші көмекшісі;
		Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ мамандар: негізгі қызметтердің барлық мамандықтар инженерлері; негізгі қызметтердің барлық мамандықтар механиктері; негізгі қызметтердің барлық атаудағы диспетчерлер; капитан/командирдің үшінші көмекшісі (үшінші штурман);

	4	механиктің з е р т х а н а ш ы ; г е о д е з и с т ; к а р т о г р а ф ; лоцман.	үшінші	көмекшісі;
ВЗ	1	Біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты мамандар: негізгі қызметтердің барлық мамандықтар инженерлері; негізгі қызметтердің барлық мамандықтар механиктері; негізгі қызметтердің барлық мамандықтар техниктері; негізгі қызметтердің барлық атаудағы диспетчерлер; к е м е м е х а н и г і ; з е р т х а н а ш ы ; г е о д е з и с т ; лоцман.		
	2	Біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты мамандар: негізгі қызметтердің барлық мамандықтар инженерлері; негізгі қызметтердің барлық мамандықтар механиктері; негізгі қызметтердің барлық мамандықтар техниктері; негізгі қызметтердің барлық атаудағы диспетчерлер; капитан/командирдің бірінші (аға) көмекшісі (бірінші штурман); механиктің бірінші көмекшісі; з е р т х а н а ш ы ; г е о д е з и с т ; лоцман.		
	3	Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты мамандар: негізгі қызметтердің барлық мамандықтар инженерлері; негізгі қызметтердің барлық мамандықтар механиктері; негізгі қызметтердің барлық мамандықтар техниктері; негізгі қызметтердің барлық атаудағы диспетчерлер; капитан/командирдің екінші көмекшісі (екінші штурман); механиктің екінші көмекшісі; з е р т х а н а ш ы ; г е о д е з и с т ; лоцман.		
	4	Біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ мамандар: негізгі қызметтердің барлық мамандықтар инженерлері; негізгі қызметтердің барлық мамандықтар механиктері; негізгі қызметтердің барлық мамандықтар техниктері; негізгі қызметтердің барлық атаудағы диспетчерлер; капитанның үшінші көмекшісі (үшінші штурман); механиктің үшінші көмекшісі; з е р т х а н а ш ы ; г е о д е з и с т ; лоцман.		
С блогы – Әкімшілік персонал				
С1		П р о р а б ; Әкімшілік-шаруашылық қызметімен меңгерушісі.		
С2		Біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: барлық мамандықтар шеберлері, статистик, аудармашы, бухгалтер, экономист, басқарма аппаратының барлық мамандықтар инженерлері, барлық мамандықтар менеджерлері, басқарма аппаратының барлық мамандықтар инспекторлары, заңгер, программист, архивист.		

СЗ	Біліктілігі орташа деңгейдегі мамандар: барлық мамандықтар шеберлері, статистик, аудармашы, бухгалтер, экономист, басқарма аппаратының барлық мамандықтар инженерлері, барлық мамандықтар менеджерлері, басқарма аппаратының барлық мамандықтар инспекторлары, заң консультанты, программист, архивист, қойма меңгерушісі, шаруашылық меңгерушісі.
D блогы - Қосалқы персонал	
D	Техникалық орындаушылар: мұрағаттаушы, іс жүргізуші, көшіру-көбейту машиналарының операторы, компьютерлік техника (бағдарлама) операторы, хатшы, күзетші, кассир, комендант.

Ескертпе:

- * - ММ – мемлекеттік мекеме;
- * - МҚК – мемлекеттік қазыналық кәсіпорын.

Көлік саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізіліміне қосымша

Басқару жауапкершілігінің дәрежесіне байланысты республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар ұйымдарда көлік саласының мемлекеттік мекемелерінің және қазыналық кәсіпорындарының таратылуы

1. Республикалық маңызы бар ұйымдарға жатады:

- 1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Қазақстан су жолдары" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ;
- 2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Қазақстанның кеме қатынасының тіркелімі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

2. Облыстық маңызы бар ұйымдарға жатады:

- 1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Ақмолажолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Ақтөбержолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 3) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Алматыжолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 4) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Атыраужолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Батысжолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 6) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Жамбылжолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;
- 7) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Шығысжолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

8) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Қарағандыжолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі ;

9) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Қызылордажолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

10) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Қостанайжолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

11) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Маңғыстаужолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

12) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Павлодаржолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

13) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Солтүстікжолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

14) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Оңтүстікжолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі).